

**М. Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясында өткен мектепшілік
қамқоршылық кеңесі жиналысының**

№1 Хатамасы

Күні: 4 қыркүйек, 2021 жыл

Күн тәртібінде:

1. Жеңілдетілген санатқа енгізілмей қалған, бірақ көмекке мұқтаж отбасының балалары туралы мәлімет. А.Б.Жадрасынова.
2. Құжат тапсырған отбасылардың жағдайын ескере отырып, жеңілдетілген санатағы оқушылар қатарына енгізуге ұсыну.

Қатысқандар:

1. Пирмаханова Турсулу Аязбаевна – қамқоршылық кеңес төрайымы;
2. Алишева Баян Каналиевна – қамқоршылық кеңес мүшесі;
3. Жүрсінқызы Жаңагүл – қамқоршылық кеңес мүшесі;
4. Қуанышева Гүлімай Әбішқызы – қамқоршылық кеңес мүшесі;
5. Байкадамова Лайла Садировна - қамқоршылық кеңес мүшесі;
6. Есенғосова Г.А – мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
7. Әбден Гүлдана – хатшы.

Тыңдалды:

Мектеп-гимназия директоры **Джамбулова А.С:** Биылғы 2021-2022 оқу жылы бойынша «Қамқоршылық» кеңесінің екінші отырысын бастайық. Құжат тапсырған бір отбасының құжаттарын қарауды және кірісі жан басына шаққандағы қаржыдан асып кеткен жағдайда «Қамқоршылық» кеңесі комиссияларымен мұқият қарап, әлеуметтік жағдайын ескере отырып енгізуді ұсынамын.

ЖББ ісі жөніндегі орынбасары **Жадрасынова А. Б:** қазан айы бойынша 1 оқушының ата-аналары құжат тапсырған болатын.

1 оқушы қамқоршылық кеңесіне ұсынылып отыр. Осы отбасылардың әлеуметтік жағдайын (жан басына шаққанда 33 260 теңгеден асып отыр) ескере отырып асханадағы берілетін тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету керек деп ойлаймын. Олар:

1. Ғаббас Әлқуат – 9 в сынып оқушысы. Әкесі қайтыс болған. Анасы Туралиева Мейірімхан «Қамқор Сервис» лаборант қызметін атқарады. Отбасында 2 бала. Інісі Ғаббас Мұхаммедәли 6 жаста, мүгедектігі туралы диагнозы бар. Жеке үйі жоқ, үй кезегінде тұр.

Осы жоғарыдағы аталған оқушының жағдайларын ескере отырып, жеңілдік санатына енгізуге ұсынысты қолдай отырып, келесі комиссия мүшелерінің ойын білгім келеді.

Мектеп-гимназия ата-аналар комитетінің төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшесі **Пирмаханова Т. А:** жоғарыда аталған оқушыны шын мәнінде көмекке мұқтаж екендігін тұрмыстық жағдайдың актісінен көріп отырмын. Әкесі қайтыс болғаннан кейін және үйінде мгедек бала бар болғаннан кейін ауыртпалықтың бәрі анасына түсетіндігі белгілі, сондықтанда осы отбасы көмекті қажет етеді деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі **Жүрсінқызы Жаңагүл**: Туралиева Мейірімханның отбасынын жағдайын тындап отырып, бір анаға отбасын асырап бағу одан қалды мүгедек балаға қарау өте жауапты іс екені белгілі. Осы отбасы нағыз көмекке лайықты деп ойлаймын. Сондықтанда жоғарыдағы аталған оқушыны жеңілдік санатына енгізуге келісім беремін.

Қаулы:

1. Осы аталған оқушылардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын ескере отырып, мемлекет тарапынан көрсетілген көмекке мектептегі жеңілдетілген санатқа «Қамқоршылық» кеңесінің көмегімен енгізілсін.
2. Осы аталған оқушыларды жеңілдетілген санатқа қосу үшін бұйрық шығарылсын.

1.Қамқоршылық кеңес төрайымы:


2.Қамқоршылық кеңес мүшесі:

3. Қамқоршылық кеңес мүшесі:

4. Қамқоршылық кеңес мүшесі:

5. Қамқоршылық кеңес мүшесі:

Хатшы:



Пирмаханова Т. А.




Алишова Баян Каналиевна



Жүрсінқызы Жаңагүл



Қуанышова Гүлімай Әбішқызы



Байқадамова Лайла Садировна

Әбден Г.